

«Бақытты балалық шақ»

Тәрбиеші: Б.А. Аманғалиева

Балаларды қорғау күніне арналған музыкалық іс-шара.

"Әркашан күн сөнбесін!"

-Мақсаты:Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, тақпақ, өлең, әндерді нақышына келтіре үйрету. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпай ұстауға жетелеу.

Жүргізуші:Армысыңдар балалар, бармысыңдар.

Жазда келді, жайнаған гүлді шыңдар.

Алдыменен алайық амандасып,

Армысыңдар бәрінде, армысыңдар.

1-Маусым 1950 жылдан бастап Халықаралық балаларды қорғау күні болып келеді. Бүгін біз осы мерекені атап өтпекшіміз.

Осы мерекені шарамызды бастамас бұрын балаларға деген жылы лебізін білдіру үшін сөз кезегін балабақшамыздың әдіскері Н.А.Бектұрсыноваға береміз.

-Әнге кезек.

-Жаз бен Күн кіріп келеді.

-Сәлеметсіздерме балалар, біз бүгін сіздердің мерекелеріңізге құр қол келген жоқпыз.Сендермен би билейміз, ойындар ойнаймыз. Балалар сендер бізбен би билеуге дайынсыңдарма? Олай болса биге дайындалыңдар.

Жүргізуші енді кезекті балаларымыздың тақпақтарына береміз.

1. Біз бақыттымыз баламыз

Ақылдымыз данамыз

Ертеңгі күн еліміздің

Батырлары боламыз.

2. Басты қоссақ бәріміз,

Біздер елдің сәніміз.

Шаттық, Бақыт, Қуаныш,

Елімізге сыйлаймыз.

1.Балалардың бақшасында бүгін той.

Балаларды қорғау күні біліп қой.

2. Тақпақ айтып кезектесіп бір-бірлеп,

Кел қосылып ән шырқайық би-билеп.

3.Тілін алып тәрбиеші тәтелер,

Гүл жинайық елімізде мәпелер.

Ендігі кезек"Күннің алып келген ойындарына"беріледі.

1."Кім жылдам?"

2."Жыланша ирелеңдеу"

Жүргізуші:Күн мен Жаз сендерге көп рахмет. Сендер балаларымыздың көңілдерін көтердіңдер. Ендеше балалардың "Әрқашан күн сөнбесін"әнін бірге орындаңдар.

Балалардың асфальтқа сурет салуына кезек беріледі (жетекшілердің көмегімен).Ендігі кезек балалар аюмен "Флешмоб"билейді.Ал осы көңілді бимен "Әрқашан күн сөнбесін!" атты мерекелік іс-шарамыз аяқталды.

